



«ИГІ ІСТЕРДІҢ МӘНІ 2022» БАҒДАРЛАМАСЫ

Teva компаниясы бастамаларға көбірек көңіл бөлу мен қолдауды маңызды деп есептейді алдыңғы қатарлы емдеу әдістерін іздеумен қатар, пациенттердің өмір сапасын жақсарту үшін емдеу үдерісіне этикалық құндылықтарды, адамгершілікті және эмоционалды қолдауды ендіруге тырысады.

Біз қызметтерінің жалпы нәтижесі пациенттердің өмір сапасын жақсарту болып табылатын коммерциялық емес ұйымдардың үш жобасы мен бастамасын қаржыландыруды жоспарлап отырмыз.

Жобалар пациенттерді эмоционалды тұрғыдан қолдауға, емдеудің қиын жолын жеңілдетуге, белгілі бір ауруды тұрақтандыруға, емдеу үдерісінде қолайлы, достық және адамгершілік жағдай жасауға, сондай-ақ емдеу нәтижелеріне қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосатын басқа да іс-шараларға бағытталуы мүмкін.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасының заңнамасын, Халықаралық фармацевтикалық өндірушілер Қауымдастығының Тісінше тәжірибе кодексін (AIPM) басшылыққа ала отырып. **"ратиофарм Қазақстан" ЖШС (Teva Pharmaceutical Industries Ltd ұйымымен үлестес)** (бұдан әрі «Тева») **«Игі істердің табиғаты 2022»** бағдарламасының (бұдан әрі «Бағдарлама») көмегімен, ауыр аурулары бар пациенттерге қолдау көрсететін жобаларды, іс-шаралар мен қайырымдылық бастамаларын. (бұдан әрі - «Жобалар») әзірлеп, пациенттер мен олардың отбасылары үшін жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыра отырып, қорқыныштарын азайтуға көмектесіп, психологиялық қолдау көрсетіп және оларға ауруды жеңуге және эмоционалдық қолдау көрсетуге көмектесу мақсатында дәрігерлік/емдік/ауруханалық үдерістерді жақсартып жүрген коммерциялық емес ұйымдардың жұмысына үлесін қосқысы және көмектескісі келеді. Бағдарламаға қатысуға тек коммерциялық емес ұйымдарға (бұдан әрі «Өтінім берушілер») жол беріледі.

Жобаларға және Өтінім берушілерге қойылатын негізгі талаптар:

- Бағдарламаға қатысуға өтінім берген сәтте, Жоба

1) жүзеге асырылған болуы мүмкін. Ондай жағдайда, Жобаның егжей-тегжейлі бағдарламасына жобаны жақсарту, оны жетілдіру, модернизациялау, географиясын кеңейту және т.б. жөніндегі жоспар кірістірілуі тиіс. Егер ондай жоба жеңімпаз болып таңдалса, қаржыландыруды тек, жобаны жетілдіру жөніндегі ұсынылған жоспардың негізінде ғана пайдалануға болады.

2) Жүзеге асыру жоспарланған

Жоба бір бірімен өзара байланысты емес жекелеген бағыттардан/қосалқы жобалардан тұрмауы тиіс.

- Жоба Бағдарламаға қатысуға өтінім жолдаған, коммерциялық емес мекемеге тиесілі болуы тиіс;

- Жоба жоғарыда аталған мақсаттарды орындау үшін технологиялық немесе компьютерлік жабдықты сатып алуға, жалақы төлеуге, іссапар шығыстарын және тұрғынжай шығыстарын төлеуге жасалмайды.

- Жобаның бюджеттік жоспары (қаржыландырылу жоспары) айқын және ашық болуы тиіс, сонымен қатар, Бағдарламаға қатысуға, басқа ұйымдар, мекемелер немесе өтінім берушінің өзі қаржы бөлген Жобалар жіберілмейді. Ондай жағдаяттар анықталған жағдайда, «Тева» ұсынылған жобаны Бағдарламаға қатысудан шеттетуге құқылы.

- Жобалар Қазақстан Республикасының аумағында әзірленуі және Қазақстан Республикасындағы пациенттерге арналған болуы тиіс.

- Жобалар үшінші тұлғалардың басқа бастамаларының толық немесе ішінара көшірмесі болмауы керек.

- **Тек коммерциялық емес ұйым ғана Өтінім беруші бола алады.**

- Жеке тұлғалардың атынан берілген Өтінімдер қатысуға қабылданбайды.

Бағдарламаға қатысуға жіберілетін **Жобалардың негізгі принциптері**(кемінде бір критерийге сай келуі қажет):

- Пациенттерге үйде немесе ауруханада жасалатын күтімді жақсарту.

- Пациенттің емделуге бейілділігін арттыру.

- Емдеу кезінде пациентке қолдау көрсету/ пациенттерге психологиялық және басқа да көмек көрсету;

- Профилактика және аурулар, терапияға, емге және консультацияларға қолжетімділік туралы ақпарат беру.

Бағдарламаға қатысуға Өтінімдерді жолдау шарттары.

1. Бағдарламаға қатысуға Өтінімдер 2022 жылғы 1 тамыз күнгі сағат 00:00-ге дейін қабылданады. Бағдарламаға қатысуға өтінімдерді екі тәсілмен жолдауға болады:

1. News.Tevakz@teva.co.il поштасына электронды хат жолдау жолымен

2. <https://www.kaz.teva.ru/kazakhstan/>сайтында өтінімді толтыру жолымен

2. Жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен жолданған Өтінімдер келесілерді қамтуы тиіс: **құжаттар тізбесі:**

1) Қатысу үшін берілген, Жобаның атауын, қысқаша түйіндемені, Өтінім берушінің байланыс деректерін және сондағы мәліметтерді қоса, 1 қосымшада ұсынылған форматтағы сурату-өтінім.

2) Жобаның егжей-тегжейлі бағдарламасы. Жоба туралы PDF форматтағы, көлемі 2 беттен кем емес, Жоба туралы барлық ақпарат қамтылған түсіндірме есепті қоса беру қажет.

3) Бағдарламаның қаржыландыру сомасының шегіндегі, жобаның іске асырылу мерзімдері көрсетілген Бюджет жоспары.

4) Өтінім беруші туралы мәліметтер. Жобаларды жолдаған ұйымдар «Тева» компаниясының ішкі үдерістеріне сәйкес бекітілуі үшін, Өтінім берушілер 2 қосымшада көрсетілген құжаттарды ұсынуы тиіс.

3. Ұсынылған деректер мен құжаттамаларды түзету және алмастыру өтінімдерді алу аяқталатын сәтке дейін, 2022 жылғы 1 тамыз күнгі сағат 00:00-ге дейін қабылданады.

4. Әр өтінім бір Жобаны қамтуы тиіс, сонымен қатар, бір ұйымнан ұсынылатын Жобалар саны шектелмейді.

«Игі істердің мәні 2022» бағдарламасына қатысуға өтінімді жолдау осы Ережелермен толық және сөзсіз келісуді білдіреді.

ІРІКТЕУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобаға қатысушылардың ішінен «Тева» бастапқы іріктеу жүргізіп, осы Ережелерде белгіленген **талаптарға** сай келмейтін Жобаларды шығарып тастайды.

«Игі істердің мәні 2022» бағдарламасын жүргізу үшін, бастапқы іріктеуден кемінде он Жоба өтуі қажет. Егер Үміткер жобалардың ең аз саны жиналмаса, «Тева» жеңімпаздар санын азайту немесе Бағдарламаны тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

Бастапқы іріктеуден кейін Жобалар іріктеу және бағалау үдерісіне өтеді, ол екі турдан тұрады:

1. Бірінші турда «Тева» компаниясының түрлі бөлімшелерінің өкілдерінен тұратын Комитет Жобалардың **Жобалар принциптеріне** сәйкестігін ескере отырып іріктейді. Бірінші турдың қорытындылары бойынша іріктеп алынған Жобалар екінші турға өтеді.
2. Екінші турда «Тева» қызметкерлері жасырын дауыс беру жүйесінің көмегімен, өздерінің пікірлерінше, қаржы бөлінуі тиіс Жобаларға дауыс береді.

«Тева» қызметкерлерінің ең көп дауысын жинаған Үш жоба, Жеңімпаз жобалар атанады.

Жоба немесе қатысуға өтінім берген ұйым туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда, егер бұл Жоба(-лар) және/немесе ұйым осы Бағдарламаның талаптарына сай келмейді деп тапса, «Тева» бір немесе бірнеше Жобаны жарамсыз деп жариялауға құқылы.

2022 жылғы 5 қарашаға дейінгі мерзімде «Тева» Жобалары Бағдарламаның жеңімпаздары болып таңдалған ұйымдарға, Өтінім беруші өтінім беру кезінде көрсеткен электронды пошта арқылы хабарлама жібереді.

Жобалары жеңімпаз болып танылған ұйымдарды ресми (жариялы) түрде Марапаттау салтанаты 2022 жылғы 20 қарашадан 20 желтоқсанға дейінгі аралықта өтеді. Марапаттау салтанатының нақты өтетін күні Жеңімпаз жобалардың ұйымдастырушыларына электронды пошта арқылы, 2022 жылғы 5 қарашаға дейінгі мерзімде хабарланады. Сонымен қатар «Тева» марапаттау салтанатының күнін өзгерту немесе салтанатты рәсімді онлайн форматқа ауыстыру құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы барлық Жеңімпаз жобалардың Өтінім берушілері алдын ала (кемінде 10 күн бұрын) хабардар болуы тиіс.

Марапаттау Салтанатының нәтижелері «Тева» (<https://www.kaz.teva.ru/kazakhstan/>) веб-

сайтында және/немесе әлеуметтік желілерде, салтанатты рәсім өткізілгеннен кейін жарияланатын [болады](#).

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Жобалары Жеңімпаз болып таңдалған ұйымдарға (бұдан әрі «Жеңімпаз ұйымдар») 2 000 000 (екі миллион) теңге дейінгі көлемінде қаржы бөлінеді.

Егер Жобаны жүзеге асыру үшін Өтінім беруші азғантай бюджет көрсетсе, Жобаға Өтінім-сұратуда көрсетілген сомадағы қаржы бөлінеді.

Бағдарламаның Марапаттау салтанатында Жеңімпаз ұйымдардың өкілдерінің қатысуы, қаржы бөлінуі үшін қажетті шарт болып табылады.

Марапаттау салтанатына Жеңімпаз ұйымдардың өкілдері, «Тева» компаниясының пікірінше дәлелді себептермен қатыса алмаған жағдайда, қаржыландырылу құқығы сақталады.

Бағдарламаның Жеңімпаздары қаржыны қайырымдылық шарасы ретінде алады, ол тек Жеңімпаз жобаларды жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылады. Осы мақсатта «Тева» мен Жеңімпаз ұйымдар арасында қайырымдылық туралы келісімшартқа қол қойылады. Қайырымдылық шарты «Тева» типтік нысаны бойынша Бағдарламаның қорытындылары шығарылған және нәтижелер жарияланған кезден бастап 1 ай ішінде жасалады.

Марапаттау салтанатынан кейін Жеңімпаз ұйымдар өздерінің «Игі істердің мәні 2022» бағдарламасының Жеңімпаз ұйымдары мәртебесін жариялауына және/немесе әлеуметтік желілерде немесе веб-парақшаларында өз профильдері арқылы таратуына болады. Осы мақсаттарда Компания «Тева» компаниясының атын Бағдарламаны ұйымдастырушы ретінде атап көрсетуге рұқсат береді, осындай атап көрсету пайдаланылатын түрін анықтау мақсатында, барлық материалдарды жариялағанға дейін алдын ала тексеру құқығын өзіне қалдырады. Жеңімпаз ұйым компанияның тауарлық белгілерін, «Тева» немесе оның Үлестес тұлғаларының атауларын, саудалық атауларын және/немесе логотиптерін осы Ережелерде көрсетілгеннен өзге қандай-да бір басқа мақсаттарға пайдаланбайды және пайдалануға рұқсат бере алмайды. Жеңімпаз ұйымның «Тева» компаниясының және/немесе оның Үлестес тұлғаларының тауарлық белгілерін, фирмалық атауларын, соларға ұқсас немесе солармен сәйкес келетін фирмалық атауларды және/немесе логотиптерді өз бетінше немесе үшінші тұлғалар арқылы тіркеуге құқығы жоқ.

Занды немесе нақты мекенжайы марапаттау салтанаты өтетін жерден басқа қалада орналасқан ұйымның Жобасы жеңімпаз болған жағдайда, «Тева» компаниясы Жеңімпаз ұйым өкілдерінің ұшып келіп-кету және тұрғынжайының шығындарын төлеу міндеттемесін өзіне алады. Бұл жағдайда, Жеңімпаз ұйым өкілдерінің ең көп саны 2 адамнан аспауы керек.

ШЫҒЫНДАР/САЛЫҚТАР

Жеңімпаз ұйымдар барлық қолданылатын ұлттық, жергілікті салықтарды, сондай-ақ жеткізуге, аккредиттеуге және қаржыландыруды пайдалануға байланысты кез келген басқа шығындарды, шығыстарды немесе ұстап қалуларды төлеуге жауапты болады.

БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРҒА БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР

Марапаттау салтанаты кезінде «Тева» Салтанатты кешті трансляциялау, жазбаларды байланыс арналарында және басқа іс-шараларда пайдалану, коммуникация және Бағдарлама туралы ақпаратты негізгі әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларды қоса, «Тева» ішкі және сыртқы арналарында тарату мақсатында, Бағдарламаға қатысқан ұйымдар өкілдерінің көп алдына шығып сөйлеген сөздерін жазып алуға құқылы. Бағдарламаға қатысқан ұйымдар коммуникация, Бағдарлама және өздерінің оған қатысқаны туралы ақпаратты жариялау және тарату мақсатында «Тева» компаниясына бейнелерді, фотосуреттерді, аудиожазбаларды, видеожазбаларды, дыбыстық видеожазбаларды және т.б. (бұдан әрі - «**Бейнелерді**») немесе олардың өздері Марапаттау салтанатына қатысқан бөлігін пайдалануға, қайта жаңғыртуға, көрсетуге және басқаларға беруіне рұқсат береді. Бағдарламаға қатысқан, Марапаттау салтанатында болған ұйымдардың өкілдері, оларды видеоға және (немесе) фотоға түсіріп алуы мүмкіндігінен, және «Тева» компаниясы сондай видеотүсірілімнің немесе фотосуреттің

нәтижесінде алынған материалдардың эксклюзивті иесі бола алатындығынан хабардар.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

Өтінім берушілер, бұрыннан бар немесе мазмұнынан туындауы мүмкін, Жоба туралы есепке енгізілген кескіндерді, фотосуреттерді, суреттемелерді, фрагменттерді қоса, жасалған немесе олардың Бағдарламаға қатысуының нәтижесінде туындауы мүмкін барлық зияткерлік меншік құқықтарын «Тева» компаниясына, үшінші тұлғаларға беру құқығымен, ешқандай ақысыз, уақыты немесе аумағы шектеусіз, кез-келген тәсілмен және олар қоғамдық игілікке айналғанға дейін береді. Бұл құқықтар, атап айтқанда, «Тева» ішкі және сыртқы арналарында, негізгі әлеуметтік желілерде және интернет-платформаларда, сондай-ақ, сыртқы БАҚ-та мазмұнын қайта жаңғырту, өзгерту, тарату және жария хабарлау құқығын қамтиды. Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы заңнамада белгіленген шарттарға сәйкес арнамысқа, моральға және (немесе) жария тәртіпке құқықты бұзуы мүмкін жағдайлар пайдаланудың немесе қолданудың көрсетілген барлық түрлері үшін алып тастау және шектеу болып табылады.

«Тева» осы Қағидалардың қолданылу аясынан тыс үшінші тұлғалардың Бейнелер мен мазмұндарды кез келген пайдалануы үшін жауапты болмайды.

Өтінім берушілердің немесе үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік нысандары болып табылатын, тиісінше жағдайларда Жоба туралы есепке кірістірілген материалдарға (фотосуреттер, иллюстрациялар, фрагменттер және т.б.) қатысты, Өтінім берушілер өздерінің оларды Бағдарлама аясында жинақтағанын немесе оларды пайдалану үшін қажетті барлық құқықтарының бар екендігін растайды, сондай-ақ, осыған қатысты кез келген шағымдарға жауап береді. Өтінім берушілерге «Тева» алдында, жеке өміріне қол сұғылмаушылыққа және меншікті бейнелерге берілетін құқықтарға қатысты құқық бұзушылықпен және (немесе) үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуы мүмкіндігімен байланысты туындауы мүмкін кез келген шағымдар үшін жауапкершілік жүктеледі. Осыған байланысты, Өтінім берушілерге «Тева» компаниясының алдында, «Тева» компаниясында аталған міндеттемелердің орындалмауымен байланысты туындаған шағымдардың немесе даулардың нәтижесінде үшінші тұлғалардың пайдасына туындауы мүмкін барлық міндеттемелер үшін жауапкершілік жүктеледі.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

Дербес деректерді қорғаудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес, «Тева» өтінім берушілердің және олардың өкілдерінің дербес деректерін (олардың бейнелері мен дауыстарын қоса) келесі мақсаттар үшін өндейді:

- Бағдарламаға қатысқанға дейінгі рұқсатнама және оған қатысуын басқарып отыру; Бағдарламаның дамуын басқару және оған қатысуын бағалау; Жеңімпаздарды тағайындау және Бағдарламаның шарттарына сәйкес оларға қаржы бөлінуі үшін қажетті рәсімдерді орындау.

- Бағдарлама туралы ақпаратты жариялау және тарату (соның ішінде, болашақта болуы мүмкін шығарылымдар үшін), сондай-ақ, осы Ережелерге сәйкес, Жеміпаздар мен олардың Жобалары туралы ақпаратты түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және тарату.

- Бағдарламамен байланысты хабарларды жіберу, сондай-ақ кез келген сауалдарға, сұрақтарға немесе тілектерге жауап беру.

Сұратылатын барлық дербес деректер міндетті болып табылады, сондықтан оларды беруден бас тарту Бағдарламаға қатысу мүмкіндігінен айырады. Егер деректер субъектісі үшінші тұлғалардың деректерін ұсынған жағдайда, ол олардың келісімі бар екенін мәлімдейді және осы бөлімдегі ақпаратты беруге міндеттенеді, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

«Тева» компаниясының дербес деректерді өңдеуге құқықтылығына негіз Бағдарламаға қатысу, дербес деректерді өңдеуге келісім беру (егер қажет болса), Тараптардың келісімшарттық қатынастары және Өтінім берушілермен белгіленген, осы Ережелерде көрсетілген мерзімдерде құқықтық міндеттемелерін орындауы болып табылады.

«Тева» дербес деректерді: (i) дербес деректердің қауіпсіздігі сақталатын жағдайда, дербес деректерге қолжетімділікті қоса, қызмет көрсетуі үшін шарт жасасқан «Тева» қызмет көрсетушілеріне, Израильге ақпарат беруді қоса, (ii) «Тева» компаниялары тобына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген басқа да жағдайларда ашуға құқылы.

Дербес деректер осындай деректерді жинау мақсаттары үшін қажетті Бағдарлама мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ кемінде 5 жыл сақталатын болады. «Тева» компаниясымен қарым-қатынастар тоқтатылғаннан немесе кейбір дербес деректерді өшіру, наразылық таныту немесе

өңделуін шектеу жүзеге асырылғаннан кейін, олар заңды немесе нормативтік міндеттемелерді орындау, сондай-ақ, деректерді өңдеумен байланысты туындайтын кез келген міндеттемелерді орындау үшін, сондай-ақ, аудит мақсаттарында қажетті мерзімге сақталуы мүмкін.

Деректерді қорғау ережелерінің қағидаларына сәйкес, Өтінім берушілер өз деректеріне қол жеткізуге, түзетуге, жоюға, өшіруге және беруге, сондай-ақ, оларды өңдеуді шектеуге немесе оған қарсылық білдіруге құқылы. Осыған байланысты, Сіз өз құқықтарыңызды «Тева» компаниясының дербес деректерді қорғау жөніндегі өкілі арқылы, тұлғаны растаумен қатар жүретін, «Тева» компаниясына, поштасына: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, 5Б блогы, 6-ншы қабат мекенжайына жолданған сұрату көрсетілген жазбаша хабарлама жібере отырып пайдалана аласыз.

БАСҚА ДА ҚАҒИДАЛАР

«Тева» жаңа ережелер туралы ақпаратты алдын ала хабарлауға міндеттене отырып, Бағдарламаны іске асыру барысында кез келген өзгерістер енгізу, түрлендіру, ұзарту, тоқтата тұру немесе күшін жою құқығын өзіне қалдырады.

«Тева» кез келген Өтінім берушіні жаңылыстыратын, осы ережелерді бұзатын немесе бағдарламаны өткізу мүмкіндігінен айыратын, Жоба үшін қаржыны тиісінше және заңды түрде алуға кедергі келтіретін, құқықты теріс пайдаланатын немесе теріс пиғылды әрекет ететін қатысушыны Бағдарламаға қатысудан негізді түрде алып тастау құқығын өзіне қалдырады.

«Тева» осы Бағдарлама шеңберінде алынған ақша қаражатымен айла-шарғы жасау немесе Бағдарлама үшін құжаттарды бұрмалау ретінде қаралатын кез келген іс-әрекеттерді жасайтын адамдар мен Өтінім берушілерге қарсы кез келген құқықтық шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады.

«Тева» компаниясы кез келген шығындар, зақымданулар, ұрлануы, кешіктірілуі немесе Бағдарламаның барысына ықпал етуге қабілетті үшінші тұлғалармен байланысты кез келген басқа жағдайлар үшін жауап бермейді.

Аталған ережелерді интерпретациялау және қолдану кезінде туындауы мүмкін кез келген түсініспеушіліктерге қатысты, Өтінім берушілер «Тева» компаниясының конкурс жүргізумен байланысты туындайтын кез келген мәселені шешудегі критерийлерін қабылдайды, және «Тева» компаниясының түбегейлі шешім болып табылады.

1 ҚОСЫМША.
«ИГІ ІСТЕРДІҢ МӘНІ 2022» БАҒДАРЛАМАСЫНА
ҚАТЫСУҒА СҰРАТУ-ӨТІНІМ

1. Қатысушы Жобаның атауы

2. Жобаның қысқаша сипаттамасы (200 сөзден асырмай)

3. Жобаны жүргізетін және ұсынған ұйым туралы мәліметтер:
Атауы:

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (егер қатысы бар болса):

Заңды өкілінің ТАӘ және лауазымы:

Заңды мекенжайы

Веб-мекенжай:

Байланыстағы тұлға (лауазымын көрсете отырып):

Хабарласу үшін байланыс деректері:

Егер сіздің ұйымның немесе онымен байланысты тұлғалардың «Тева» компаниясымен, немесе оның құрылымдық бөлімшелерімен, немесе үлестес тұлғалармен қандай-да бір байланыстары немесе іскерлік қарым-қатынастары болса, хабарлаңыз немесе ондай қарым-қатынастарын сипаттаңыз.

«Игі істердің мәні» бағдарламасына қатысуға өтінімді News.Tevakz@teva.co.il электронды поштасына жібере отырып, сіз Бағдарламаның Ережелерінде қарастырылған мақсаттарда, өзіңіздің дербес деректеріңізді жинау мен өңдеуге өзіңіздің ерікті келісіміңізді бересіз.

2 ҚОСЫМША
ӨТІНІМ БЕРУШІЛЕР «ИГІ ІСТЕРДІҢ МӘНІ 2022» СЫЙАҚЫСЫНА
ӨТІНІМДІ ТОЛТЫРУ КЕЗІНДЕ ҰСЫНАТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

1. Жобаның егжей-тегжейлі бағдарламасы
2. Бюджет жоспары
3. Тіркеу куәлігінің (<https://egov.kz> сайтының алынған, барлық тіркелген өзгерістерімен анықтама) скан данасы

«Игі істердің мәні» бағдарламасын өткізу барысында «Тева» компаниясы, Компанияның ішкі үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.